



Әлем көшбасшылары соғыс кезінде ізгілікті сақтау үшін халықаралық гуманитарлық құқықты қорғау жолында бірікті

2025 жылғы 21 қыркүйек

Біз, Бразилия, Иордания, Қазақстан, Қытай, Франция және Оңтүстік Африка Республикасының көшбасшылары, Халықаралық Қызыл Крест Комитетімен (ХҚКК) бірлесіп, әлемдегі қақтығыстарда халықаралық гуманитарлық құқықтың (ХГҚ) кең ауқымда бұзылуына және соның салдарынан орын алып отырған адамзаттың ойға сыймайтын қасіретіне алаңдаушылық білдіреміз және мемлекеттер мен халықаралық қоғамдастықты іс-қимылға шақырамыз.

Осыдан бір жыл бұрын біз ХГҚ-ға саяси бейілділікті күшейту жөніндегі жаһандық бастаманы қолға алдық. Бізге зор жауапкершілік сезімі мен әлем куә болып отырған халықаралық гуманитарлық құқықтың бұзылуы толқынын тоқтату үшін шұғыл әрі батыл шаралар қабылдау қажеттілігі түрткі болды.

Бүгінгі таңда соғыс кезінде адамгершілікті қолдауға бағытталған ХГҚ жаһандық бастамасына әлемнің барлық өңірінен 89 мемлекет ресми түрде қосылды. 27 ел бастаманың жеті тақырыптық бағыты аясында тең төраға ретінде әрекет етеді. Бұл бағыттардың қызметі ХГҚ-ның неғұрлым қатаң сақталуын қамтамасыз ету және заманауи соғыс жүргізу тәсілдерінің дамуына байланысты мәселелерді шешу бойынша практикалық ұсынымдар әзірлеуді көздейді.

Өткен жыл ішінде 130-дан астам мемлекет ХГҚ-ның неғұрлым қатаң сақталуы мәселесіне арналған жаһандық және өңірлік консультацияларға қатысты. Бұл консультациялар барысында айқын байқалған ортақ тақырып – мемлекеттердің ХГҚ-ны қорғау тұрғысынан түсіндіруге шақыруы болды. Консультациялардың нәтижелері келесі айда жарық көретін аралық баяндамада ұсынылатын болады.

ХГҚ жөніндегі жаһандық бастама әлемнің қай жерінде болмасын, барлық қарулы қақтығыстарды қамтиды, ол барлық қатысушы тараптарға арналған және ХГҚ-ның біркелкі әрі жаппай қолданылуын қамтамасыз етуге бағытталған. Сондай-ақ, онда Женева конвенцияларының ережелерін қорғау, сақтау және іс жүзінде қолдану жауапкершілігі ең алдымен мемлекеттерге жүктелетіні мойындалады.

Осыған байланысты біз қарулы қақтығыстардағы барлық тараптарды ХГҚ нормаларын ұстануға шақырамыз. Біз барлық мемлекеттердің, соның ішінде оккупация жағдайында да, халықаралық гуманитарлық құқықты, атап айтқанда, бейбіт тұрғындарды, азаматтық объектілерді, медицина қызметкерлерін, гуманитарлық ұйымдардың қызметкерлері мен журналистерді қорғауға қатысты нормаларды толық сақтауға және олардың сақталуын қамтамасыз етуге міндетті екенін растаймыз. Біріккен Ұлттар Ұйымы өз Жарғысына сәйкес және көпжақты қарым-қатынастардың жүйесі бұл істе маңызды рөл атқарады.

Бүгін біз 2026 жылы соғыс кезінде ізгілікті сақтауға арналған жаһандық жоғары деңгейдегі кездесу ұйымдастыратынымызды жариялаймыз. Осы кездесудің қарсаңында біз барлық мемлекеттерден мынадай мүмкіндіктерді қарастыруды сұраймыз:



- ХГҚ-ны өз елінен бастау, атап айтқанда, оның сақталуына, соның ішінде жалғасып жатқан қақтығыстарда да, инвестиция салу және қамтамасыз ету үшін ресми түрде жеткілікті ресурстар бөлу.
- Әскери және қауіпсіздік күштерін тиісті деңгейде оқыту және ұлттық ХГҚ комитеттерінің мүмкіндіктерін кеңейту сияқты құралдар арқылы ХГҚ-ны ұлттық заңнамаға және қақтығыстарға дайындыққа интеграциялауды ілгерілету.
- ХГҚ бойынша жаһандық бастамаға ресми түрде қосылу, консультацияларға белсенді қатысу және басқаларды да осы үлгіні ұстануға шақыру.

Женева конвенциялары қабылданғаннан 76 жыл өткен соң, біз барлық әлем көшбасшыларын қатыгездіктің алдын алу және соғыс кезінде адамгершілікті қорғау жөніндегі ортақ парызымызды орындау үшін бірігуге шақырамыз. Әлем халықаралық гуманитарлық құқықтың негізгі қағидаттарының үнемі және қасақана бұзылуына бей-жай қарай алмайды. Біз бірлесіп, бүгінгі қарулы қақтығыстарға тән ойға сыймайтын және жол беруге болмайтын азап пен қиратуды тоқтатып, бұл қақтығыстарды бейбіт реттеу арнасына бағыттай аламыз.